



СҰРАҒАН РАХМЕТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

¹Базархан Кенжегүл

(¹Сүлейман Демирель атындағы университеттің 2-курс магистранты)

²Жумакаева Береке Дәулетбекқызы

(²п.ғ.к., СДУ профессоры).

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

Аңдатпа

Қазақ әдебиетінің тереңге тамыр жайған тарихының бір бөлігі шетелдегі қазақ әдебиетінің еншісінде екендігі бүгінге дейін біраз ғылыми жұмыстарға тақырып, нысан болып келді. Мұндай тақырыптар көбінесе шетелдегі қазақ әдебиетінің жалпылама жай-күйі, зерттелуі төңірегінде болды. Мәселен, Моңғолияның Бай-Өлке қаласындағы қазақ әдебиеті жөнінде зерттеулер жүргізіліп, кейбір ақындардың шығармаларына тоқталғанымен, қазіргі таңдағы жекеленген қазақ қаламгерлерінің шығармаларына тілдік-танымдық, көркемдік ерекшеліктеріне интерпретациялық тұрғыдан нақты қалам тартыла берген жоқ. Осындай көрнекті ақындардың бірі – Сұраған Рахметұлы. Сұраған Рахметұлы Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің көшбасында тұрған тілі орамды ақындардың бірі. Мақалада Сұраған Рахметұлы поэзиясының тілдік қолданысы, көркемдік мазмұны туралы сөз болады. Ақын өлеңдерінен мысалдар келтіре отырып, ішкі мазмұнына үнілу, тілдік талдау жұмыстары жүргізілген. Сұраған ақынның шығармаларына интерпретациялық талдау жасалына отырып, ондағы ақынның өлеңді жеткізудегі шеберлігі, тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне кеңінен тоқталынған.

Түйін сөздер: Шетелдегі қазақ әдебиеті, Сұраған Рахметұлы, интерпретация, тілдік - танымдық, көркемдік ерекшелік.

СҰРАҒАН РАХМЕТҰЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ҚЫРЛАРЫ

Әдебиет – сан түрлі тарихи кезеңдерді бастан өткізгеніне қарамастан, қанатын кеңге жайып тамырын тереңге жіберген сала. Бай да тарихи әдебиетіміздің салаланған терең тамырының бірі – шетелдегі қазақ әдебиеті, оның ішінде Моңғолиядағы қазақ әдебиеті. Моңғолиядағы қазақ әдебиетінің бүгінге дейінгі зерттелу өрісі, Бай-Өлкедегі қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы, ондағы әдеби үндестік, көркемдік - жанрлық ерекшеліктері хақында алдыңғы мақалаларымызда да сөз еткен болатынбыз. Бүгінгі тақырыбымызға өзек болар мәселе - Моңғолияның Бай – Өлкесіндегі қазақ қаламгерлерінің көшбасында тұрған Сұраған Рахметұлының шығармаларының интерпретациясы жөнінде болып отыр. Сұраған Рахметұлы - 1958 жылы 22 қазанда Моңғолияның Баян-Өлгей аймағы, Дэлүүн өлкесі, Қарасудеген жерінде дүниеге келген шетелдегі қазақ ақыны. Тақырыбымызды ашпас бұрын алдымен, «интерпретация» ұғымына тоқталып өткеніміз жөн деп білеміз. «Интерпретация» термині аударма және аудармашылық іс-әрекеттермен тығыз байланыста қарастырылады. Ол латынша *interpretatio* — түсіндіру деген мағына береді. «Интерпретация» сөзінің мағынасы сөздікте «түсіндіру», «түсінік беру», «мағынасын ашу» дегенді білдіреді. Көркем мәтіннің интерпретациялық ауқымы кең. Әдебиеттануда интерпретация көркем шығарманың тұтастай мағынасын, мазмұнын, оның идеясын, концепциясын тану, түсіну, зерделеу. Мәтінді интерпретациялау сол мәтіннің ішіндегі мазмұнды ашу десек, артық айтпаймыз. Негізінде, мәтінді оқу, жалпы кез-келген сөзді қабылдау белгісі - адам оқығанын немесе естігенін түсінген жағдайда ғана интерпретациялау бола алады. Мәтінді интерпретациялаудың міндеті - мәтіннен барынша мол ақпарат алып, автордың мәтінге жүктеген мазмұнын және ондағы қаламгердің еркінен тыс жүктелген қандай да бір

мазмұнның (сөз қолданысы, идеясы т.б.) мағынасын өзі үшін ғана емес, өзгелерге де барынша ұғынықты етіп түсіндіру. Осы міндеттер орындалғанда ғана шығарманы толық интерпретациялаған боламыз. Интерпретациялаудың таным түсінігімен тікелей байланысты. Танымдық әрекеттің негізінде оқырманда танымдық белсенділік қалыптасады. Танымдық белсенділік деп отырғанымыз оқырманның көркем шығарманы оқуға, білуге деген ынта-ықыласының, қызығушылығының ерекше көрінісі болмақ. Сұраған Рахметұлының өлеңдерінің тілі бір оқығаннан түсініп, автордың айтқан ойы мен тереңін алу қиындық келтіретін тұстары көп. Мұндай ерекшеліктерді тіпті ақынның ғаламтор беттерінде тұрақты жарияланатын өлең, мақала, тіпті әдебиет туралы айтқан әрбір пікірінен де байқай аламыз. Мәселен, «Поэзия — өміршең, тірегі - саналы халық. Поэзия туралы жөнсіздеу болса да ой айтқанның бәрі жанашыр. Біздің дәуірдің ақындары сіреңкенің шырпысындай біркелкі ойлайды демейміз. Олардың ішкі зердесі, пайымы әрқилы болуы заңдылық», - деген пікірінен-ақ көркем шығарманы түсініп қабылдаудың әрқилы болатынынан, көркем дүниені түсіну, түйсінудің (интерпретация) әрқилылығын аңғаруға болады. Сондықтан да ақынның поэзиясын интерпретациялаудың өзі біраз тәуекел етуді талап етеді. Сұраған Рахметұлы өлеңдерін оқырман ретінде интерпретациялау, шығармаларының танымдық қырын ашуға тырысу – мақаламыздың басты мақсаты болмақ. Сен маған неге, Усіңген көзбен қарайсың? Қарайсың, сосын, бастағы қанға тарайсың. Қабағын түйген қап-қара ойға үңілсем. Масқара түнге малшынған майда арайсың. Қыршынды қидың қыл бұрау арқан салдың да. Мұң жанып жатыр, Мұқандар өлген шалғында. - Кісімін десем... - Жылқысың дейсің ...Ендеше: Мінетін болсаң кісінеп тұрмын алдыңда.. «Сен неге маған, Усіңген көзбен қарайсың?». Бұл кімге қарасты айтылған болса да субъект, басқа тұлғаға немесе өмірге қарасты өз пайымын ашық жеткізуде.

Тіркестің астарында нала, мұң, реніш, талқы сынды дүниелер жатыр. Десе де өлеңде ақынның назы тек жеке адамға ғана болуы мүмкін деген біржақты пікір айта алмаймыз. Өмірден көрген қиындығына байланысты жалпы өмірге, қоғамға қарата айтқан болуы да мүмкін. Сондай-ақ, ақын аталған өлеңде ойды қабағын қап-қара етіп түйген жанды адам кейпінде шебер суреттеген: «Қабағын түйген қап-қара ойға үнілсем». Құдды бір қабағын түйіп, түксиіп тұрған адам көз алдыға келеді. Бірақ, ақынның мұндағы бейнелеп отырғаны жаны бар адам емес, ой. Ой болғанда да «қап – қара» ой. Көркем әдебиеттегі «қара» концептісі жағымсыз бағалауыштық қолданысқа ие екенін қаламгер жақсы түсінеді, оны «қап-қара ой» деп градациялық эпитет арқылы әсірелеп жеткізіп отыр. «Қара ой» деп ғана қолданса, оқырманның назарының мұншалықты аумамайтынын да дұрыс бағдарлай білгендігі байқалады. «Масқара түнге малшынған майда арайсың». Біз әдетте оқырман ретінде көркем шығармалардан «айлы түн», «қараңғы түн», «тып – тыныш түн», «қап-қара түн», «желсіз түн» т.б тіркестерді жиі кездестіріп жатамыз. «Масқара» сөзі көбінесе адам баласы жасаған ұятты немесе күнә, қате іс жасағанда айыптау мақсатында айтылатыны дүйім оқырманға көркем әдебиеттен таныс. Ал, Сұраған ақын сияқты түнді «масқара» - ға балауы сирек кездесетін сәтті қолданыс. Солай десек те ақынның «Масқара түнге малшынған майда арайсың» деуінде тағы да бір ой немесе мән қылаң береді. Масқара түн мен майда арайдың» бір тіркесте келіп бір - біріне мағыналық жағынан қайшылық туғызатынын байқауға болады. Арай – жарықтың, сәулелі дүниенің нышаны, бүтіннің бөлігін көрсетіп, ізгіліктен хабар беретіндей көрінеді. Олай болғанда «масқара түнге малынған арай» деу арқылы ақын нені меңзеп отыр?! Оны келесі тармақтарды оқығанда түйсінгендей боламыз. «Қыршынды қидың қыл бұрау арқан салдың да» Мұң жанып жатыр, Мұқандар өлген шалғында. Кешегі Мұхтардай алыптардың бастан кешкендері қандай еді?

Сол кезеңнен бүгін арылдық па? Яғни ақынның субъектімен сұхбатында ел тағдыры да, пенделердің талайы да қылаң береді. «Усінген көзбен» қарайтын субъектіні (тағдыр, өткен күн, ақынның жанына маза бермейтін өз түнегі, екінші мені т.б.) әрқилы түсіне алады екенбіз. 2. Қыс көзі қырау, жел есті, Қиын қиыннан. Албасты үрікті, ырыстар ықты, Тыйымнан. Ұясын бұзды-ау ұшынған ойлар ақыры, Қисасып тұрған қып-қызыл шикі, Миыңнан. Шолақ тай міндің шоқиып оның іш қанын... Көрелік сосын заманның, Испар Тышқанын. Сорлы, жетісіп? Тырнақтың кірін жедің деқайта құспадың. Меңсіз де меңсіз, даласызтуған меңіреу, Кәсібің сенің ірің жеп һәм еңіреу. Өз басын өртеп құл болған. Күнсіз күстана, Көзінді түртті-ау сөзімен жерік, Не біреу... Жалғанда мынау масылдар - асыл, ақын - ақ. Ермек қып кеттің есектің артын бақылап, Қаймана саған қатқылдау жүзін бұрып тұр. Айнаға қара ақымақ! Ақынның бұл өлеңіндегі «қыс, қырау, жел» сияқты сөздерге мән берсек біраз дүниені оқырман ретінде емес, авторлық таным бойынша пайымдай аламыз.. Мәнмәтінге үңілу арқылы автор – оқырман байланысын жақсартуға мүмкіндік туады. «Меңсіз де меңсіз, даласыз туған меңіреу КІМ? Өз басын өртеп құл болып отырған дегенді қалай түсінуге болады? Негізінен интерпретациялық талдауларға тоқталғанда, өлеңді баяндау тіліне айналдырып түсіндіргеннен гөрі, жекелеген ұғымдарға түсінік жасау арқылы өлеңді тұтас қабылдау керек. Мұндай мәселелерге мән беріп қарағанда, интерпретация әр оқырманда әрқилы болуы заңды екенін ұғынамыз. Оны бір ізге түсіріп ол – мынау деп шектеп тастау да ағаттық болар еді. «Көрелік сосын заманның, Испар Тышқанын» деген жолдар арқылы саясатта белсенділігін арттырып жүрген «белсенділерді» өткір сынайды. Әрі өзінің күнделікті қара басының қамы үшін саясаттың қол жаулығына айналғандарды қоғамның масылына айналған деп тіксінеді. Күстана* - қазір пассив сөз қатарында. Мағынасы – күнә, кінәлі. 3. Басы күйген кенже гүл Мұңаяды Бірдемені түсініп, шын аядым.

Сары ауаны тіреп тұр бір аяғым, Қаңғып түскен қабықтан қайта көктеп, Өз қабымнан шығамыншайқап, ептеп... Ақынның бұл шығармасын алғаш оқыған адам басы күйіп, сарғайған сары далада өсіп тұрған гүлді көз алдына елестетер. Ал, шын мәнінде өлеңге тереңдей бойлап, пайымдай, дұрыс қабылдай алғанда, ішқұса болып ішіне тартқан, тауқыметі мол күйбең тірліктен түнерген ақын жанын көз алдыңызға келтіргендей болады. «Сары ауаны тіреп тұр бір аяғым». «Сары ауа» деп ақын неге ауаға белгілі бір түсті тіркеп қойды? Мұндағы оқырманға жеткізгісі келген ой не деген сауалдарға жауап беру арқылы өлеңнің көздеген мақсатын айқындай аламыз. Қазақта сары түске байланысты қандай тұрақты теңеу, тіркестер немесе ассоциация қалыптасқан? «Сары сағыныш», «сары мұң», «сап – сары қайғы», «сары дала», «сары ауру», «жүрекке сары су болу (уайымдау)» т.б тіркестерден «сары»-ның жағымсыз бағалауыштық жағы басым екенін ескерсек, ақын «сары ауа» деу арқылы Сұраған ақынның шығармаларының танымдық қырларының бір ерекшелігі, табиғатты суреттегендей болып, сол табиғат арқылы онымен тірлігі ұштасып, тұтасып кеткен адам өмірін, адамның көңіл-күйін бейнелеп жеткізуінде. Ақынның көптеген өлеңдерінен осы ерекшелікті байқауға болады. Оған тағы бір дәлел ретінде төмендегі өлеңін де алсақ болады: 4. Қырбақ қар өлең шумақтарындай, Мейірімді дала кірпігі. Қаздың қаңқылы ұшады қалқып құндақтағы ұлдан Әуенін санамда іркітім. Жып-жылы нәрлер ойнайды құрғақ қанымда, Қайыңдар су жағалайды балағын түріп. Күллі жұлдыздар кілкіп, жәудіреп, қырбақ қарымда. Шиырлы ізімен шумақ зерлейді қарала ит үріп. Дауыл шұлғиды зауда, Күн қатпарында, Қағазға тамады шаршаған сана титығы. Бақидың суреттері тұр, қырбақтың жұмбақтарында, Күн түндіктен құлайды шала ұйқылы. Ақ өлең – Алтайдың ала күртігі, Тамырдың табанын жалайды құндақта дымдар, Теректің бұтағын ырғайды самал ұмтылып, Лағыл даланың лағыл ырғақтарындай. Мұнда да бір

оқығанда оқырманның көзі алдына дала суреті, табиғат құбылысы, қыста жауған қар қырбақтары елестеп кетеді. Бірақ, астарында жатқан - мүлде басқа бейнелеу. Қырбақ қарды өлең шумақтарына теңесе, енді бірде даланы мейірімді жанға балағандай болады. Өлеңнің мәтініне терең үңіле түскенде табиғат аясы емес, сол табиғатта жүрген ақынжанды адаммен танысқандай күй кешесіз. Қайыңдарды балағын түріп су жағалап жүрген сол ақынға балау арқылы, ақынның санасына келген сан алуан шумақтарды,оның өлеңдерінің ақ өлең нұсқасына келетінін,сол өлең шумақтарын өзі Алтайдың ала күртігіне теңейтіндігін жеткізеді.

5. Қайталады-ау тырна үнін шың дара Құлын туды енесініңтамырынан сырғанап. Барлық әлем кісінейді. Сол сәттен соң ғажап ай Жансыз әуен көзін ашты тырналап. Ана Алтайдың аржағынан ақжал атым арқанын. Соза тартты ойнақтатып бойындағы бар қанын. Шоқтығына жел жетпейтін ірі шыңның ығында, Қарауылға байлаулы екен қайран менің тарпаңым. «Қайран да менің Еділім», Қазтуған жырау жоқтауының жалғасындай сезіледі. Ғасырлар шеруінде түркілердің жоғалтқаны көп, көңілдің көкжиегінен сырғып кеткені мол. Ең негізгі сарын – «Елім-айлап» өксіген қазақ баласының көкірек шері»- деп баға берілген бұл өлеңге. Иә расымен Қазтуған, Махамбет жырларының сарыны бар бұл өлеңде. «...қайран менің тарпаңым». Тарпаң - көнерген сөздер қатарына жатады, мағынасы- жалпы бұл жылқы атауы. Тарпаң жылқы - асау, үркек, жалт бергіш, тулағыш ат. Сұраған Рахметұлының шығармашылығы, поэзиясы сан қилы көркемдік тәсілдер, теңеулер, түрлі троп түрлерімен айшықталған. Сарыны да әр алуан.

6. Үлкен үйдің іргесі алыс болғасын ба кім білген.Үзеңгімді ұзарта алмай жүрмін мен. Осы өлеңнің интерпретациясы жайында: «Ақын үлкен үй дейді, қара шаңырақ демейді. Алтайдың аржағындағы кең жазық шекарадан асып кетсе де, баба қазақтың жылқысының түгі қалған жер. Қазіргі заманғы қазақ поэзиясындағы модернизмнің түп астарына бойлаған

сайын ұлттық фольклордың нышандарын, архитипті таба береміз», - дейді Айгүл Кемелбеава бір мақаласында. 7. Көңілсіз күз аялы жапырағын сілкілеп, Ши түбінен еседі бұлаң құйрық түлкі - Ілеп. Қылаң тұман тау басын шырқай шауып барады. Судың бетін ұшықтап сумақы бұлт – Сұр түнек. «Ақынның тілінің шұрайы табиғи нәрінен арылмаған бағзы бұла қалпында болғанмен, өлеңнің формасы тың, стиль жаңа. Әйтпесе мынау суреттен жер жыртығын жамаған жалмауыз кемпірден алтын сақасын алып қашқан баланың бейнесі жалт ететіндей». Иә, бұл да А. Кемелбеаваның жоғарыда келтірілген өлең жолдарына жасаған интерпретациясы. Кейбір тұстарда ақынның өзі айтқандай, «кей сәт лағу деп ен салған жырлары» да жоқ емес, бірақ артынша ол олқылығын жауып отыратыны тағы бар. Дулат Бабатайұлы дәуіріндегі эпикалық толғау біздің заманымыздың безбеніне құлайды, абстрактілі образға айналып кетеді. Оған тағы да Айгүл Кемелбаева мысалға келтірген мына жолдар айғақ болатын тәрізді: Ағып түскен жұлдызды күйсеп қойып Іңір жатыр бұзаудың желісінде. Бұл жұмысымызды Сұраған ақынның шығармашылығына зер салып жүрген А. Кемелбаева ханымның мына бір пікірімен түйіндеуді жөн көрдік: «Ақынның қарашығы асылдығы болар, көрместі көріп, байқамасты аңдап үлгеретін тәрізденеді. Және кей сәт лағып, адасып, ми айналар кеңістіктен, символдық белгі атаулыдан түркіліктің тұяғын іздеп аласұратыны анық. Қарапайым оқушы зердесіне тоқып үлгермей абыржытынын елең қылмайтыны бір өкініш. Мүмкін, модернизмде осылай еліктірмей қоймайды». Қорыта айтқанда, Сұраған Рахметұлының поэзиясының тілі оқырманға бір оқығанда күрделі, құпиялылығы мен сыры мол сыршыл поэзия. Тілі өткір, мағынасы терең. Көнерген, қазір пассив қолданылатын сөздерді жиі қолдану арқылы оқырман миына шабуыл жасайтын тұстары көптеп кездеседі. Мұндай терең мағыналы шығарма тілін интерпретациялық қабылдауы жоғары дәрежедегі оқырман бір оқығаннан

түсінгенімен, қарапайым, жатық тілді шығармаларды оқып, қабылдап үйренген білімгер немесе оқырман бірден түсінуі қиын. Сондықтан да Сұраған Рахметұлы сынды тілі мен ойы күрделі қаламгер шығармашылығы, интерпретациясы, шығармаларының көркемдік ерекшеліктері әлі де тереңінен талдап - саралауды қажет етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

Есембеков Т.У. Көркем мәтін поэтикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2012.- 228 б.

Цурганова Е.А. Герменевтика // Западное литературоведение XX века. – М., 2004.

Сұраған Рахметұлы. Түске оранған күз: Өлеңдер. – Астана. Фолиант, 2011. 208 бет.

Сұраған Рахметұлы. Көгілдір шабыт. Өлеңдер жинағы: Алматы: Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының «Ата-жұрт» баспа орталығы, 2011. – 192 бет.